

УДК 373.75

Ә.Ж. АХАНТАЕВА

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ҒЫЛЫМЫНЫҢ – ТАРЛАНЫ

Әбдеш Ташкенұлы Төлеубаев – 60 жаста

Аннотация

Қазақ тарихы ғылымының тарланы - Әбдеш Ташкенұлы Төлеубаевтың өмірі мен еңбек жолы және археология, этнология ғылымдағы орны, ашқан ғылыми жаңалықтары қарастырылған.

Тірек сөздер: археология, археолог, этнология, этнография, этнограф, экспедиция, ғалым, профессор, алтын адам, сақ, Шілікті қорғаны, обалар, алтын сынама.

Ключевые слова: археология, археолог, этнология, этнография, этнограф, экспедиция, ученый, профессор, золотой человек, саки, Курган Шиликти, могильник, золотая проба.

Keywords: archaeology, archaeologist, ethnology, ethnography, ethnographer, expedition, scientist, professor, gold man, bags, Kurgan of Шиликти, burial ground, gold test.

Әбдеш Ташкенұлы Төлеубаев 1953 жылы 15 қарашада Қытай Халық Республикасының Шәуешек қаласында қызметкерлер отбасында дүниеге келген. Атасы Төлеубай Зайсан уезінде Кеңес департаментінің мүшелерінің бірі, 1922-1927 жылдары Зайсан уезінің мировой соты болған. 1929 жылдардан бастап Кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсы шығып, Ақсуат өңірінде ұлт-азаттық қарсылық көтерілісін ұйымдастырған.

1930 жылы Қытайға ауып кеткен. Әкесі Тәшкен 1950 жылдан бастап кеңес азаматтығын алып, Шәуешек қаласындағы Кеңес азаматтық қоғамының қосалқы мал шаруашылығын басқарған.

Әбдеш Ташкенұлы 1959 жылы ата-анасымен Қазақстанға оралады. Бала кезден тарихшы болуды армандаған. 1970 жылы Семей облысы Ақсуат ауданы Көкжыра ауылындағы М.О. Әуезов атындағы орта мектепті бітіріп, С.М. Киров атындағы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетіне оқуға түседі. Осы университет қабырғасынан 1971 жылы археология және этнология кафедрасының ашылуына байланысты осы мамандыққа ауысады.

Университетте оқып жүрген шағында, 1971-1976 жылдары археология және этнология кафедрасының бірінші меңгерушісі Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев және академик Әлкей Хаканұлы Марғұланның басшылығымен Орталық Қазақстанға жасалған экспедицияларға қатыса бастайды. Міне сол кезден бастап Қазақстанның облыстарында тіптен қазақ жерінен жырақта өмір сүріп жатқан қандастарымызды зерттеу үшін түрлі археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып оларды басқарып жүр.

1975 жылы ҚазҰУдың тарих факультетін археология мамандығы бойынша үздік «қызыл дипломмен» бітірген.

Әбдеш Ташкенұлы 1975 жылы Мәскеу қаласындағы Миклухо-Маклай атындағы Этнология институтының аспирантурасына түсті. Ол онда этнография және археологияның қабысуында болған, өзінің ғылыми қызығушылығымен сәйкес келген «Қазақтардың ислам дініне дейінгі наным-сенімі» атты тақырыппен шұғылданды. Оның ғылыми жетекшілері Орталық Азия және Қазақстанды зерттеуші, атақты ғалымдар С.П. Толстов, Т. А. Жданко, Г.П. Снесарев болған. Ә.Т. Төлеубаев 1979 жылы Мәскеу қаласындағы Миклухо-Маклай атындағы этнография институтында кандидаттық диссертациясын қорғаған.

1979 жылы Москвадан оралғанда Ә.А. Жолдасбековтың шақыртуымен археология және этнология кафедрасына жұмысқа орналасты. Содан бері Ә. Төлеубаевтың барлық оқытушылық және ғылыми өмірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУдың археология және этнология кафедрасымен байланысты. 1992 жылы докторлық диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының докторы, 1995 жылы профессор атағын алған.

Профессор Әбдеш Ташкенұлы қазақ этнологтарының ішінде бірінші болып шет елде тұратын қазақтардың этнографиясын зерттеуді бастаған. Оның басшылығымен Орынбор, Астрахань, Омбы облысы және Ресей Федерациясының Алтай аймағындағы қазақтардың этнографиясын зерттеу мақсатында экспедиция ұйымдастырып, зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Осы зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми мағлұматтар арқылы монография және көптеген мақалалар жазылған.

Ш. Уалиханов атындағы бірінші мемлекеттік сыйлығының лауреаты ҚР БҒМ «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін» белгі иегері, ҚР Өнер Академиясының академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУдың үздік оқытушысы. Қазақстанның тұңғыш кәсіби археологы Әбдіманап Оразбаевтың шәкірті болып табылады. Ол осы жерде студенттіктен ассистент, профессор, кафедраның меңгерушісіге дейін өсті. 18 жылдай уақыт кафедра меңгерушісі болды.

1988-1993жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде студент кезімізде Этнография және археология мамандығы бойынша «арнайы курстан» сабақ берді және сол кезде кафедра меңгерушісі болатын.

Әбдеш Ташкенұлы ұстазымыз өте кішіпейіл, қарапайым болатын. Кафедра меңгерушісімін деп көкірек керуді білмейтін, қарап отырсақ сол кездегі қазақтың маңдайындағы жалғыз «мемлекеттік университетінің» кафедрасын басқару әркімнің маңдайына бұйыра бермейтін кезең болатын. Біздер яғни студенттермен түрлі археология мен этнография ғылымының қызығы мен қыйындығын әңгімелеп, өзімен тең дәрежеде ұстап біздермен ашық пікірлесетін, сабағы өте қызықты өтетін, тіптен тоқсан минуттың қалай өтіп кететінін де білмей қалатынбыз. Бұл біріншіден ұстазымыздың кішіпейілдігі, қарапайымдылығы болса, екіншіден үлкен ғалымға тән

қасиет, үшіншіден далалық экспедицияның қызығы мен қыйындығы ұстаз бен шәкіртті одан әрі жақындастырып бір-біріне бауырдай бір үйдің баласындай болып кетуімізден де шығар.

Жақында Әбдеш Ташкенұлының бастамасымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанынан археология және этнология Орталығы ашылды. Орталықтың директоры болып Ә.Т. Төлеубаев сайланды. Профессор Әбдеш Ташкенұлы Төлеубаев республикада және шет елдерге танымал археолог-этнолог. Көптеген археолог-этнолог мамандарын дайындап, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Осы ұстазымыздың берген терең білімі мен өнегелі тәрбиесінің арқасында «этнография ғылымы» саласына бет бұрып ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында кандидаттық диссертациямды қорғап «тарих ғылымдарының кандидаты «тарихшы-этнограф»» деген ғылыми атаққа ие болдым. (Осы жерде айта кететін жайт ғылыми жетекшілерім Қазақтың Ұлттық Ғылыми Академиясының ғалымдары, тарих ғылымдарының докторлары - Серік Ескендірұлы Әжіғали мен Ахмет Уахан ұлы Тоқтабай).

Қазіргі жахандану заманында көпшілік бизнес саласын немесе «пайдалы» мамандықтар деп таңдап жатқан заманда менен қандай маман иесі болар едіңіз десе «тарихшы-этнограф» деп жауап берер едім және осы университетте қазақ тарихының: этнографиясы-археологиясы-антропология саласының аталары - Халел Арғынбаев, Оразақ Исмағұлұлы Исмағұлов, Уахит Хамзаұлы Шалекенов, Әбдіманап Оразбаев, Карл Молдахметұлы Байпақов, Әбдеш Ташкенұлы Төлеубаев, Мадияр Елеуұлы Елеуовтардан дәріс алып салалы да сапалы білім алғаным еш уақытта өкінбеймін қайта кеудемде мақтаныш кернейді.

Ә. Төлеубаевтың этнографиялық экспедициясының құрамында қазіргі уақытта Жоғарғы оқу орындарында, музейлерде, мектептерде жұмыс істеп жүрген ондаған студент түлектер археологиялық зерттеулердің далалық мектебінен өтті. Әбдеш Ташкенұлы республикадағы этнология және археология саласының көрнекті ғалымы болып табылады. Оның археология және этнология бойынша еңбектері жақын және алыс шет елдері ғалымдарының арасынан қолдау тапты. Ол оннан аса ғылым кандидаттарын дайындап шығарды, екі докторлық диссертацияның ғылыми кеңесшісі болып табылады. Әбдеш Ташкенұлы екі монографияның, үш ғылыми және ғылыми-танымдық кітаптар, үш оқулық және жүздей ғылыми мақалалардың авторы болып табылады.

Тарих ғылымындағы археологиялық-этнографиялық зерттеулері мынандай өзекті мәселелерге арналған: мемлекеттіліктің көзі және генезисі, қазақ диаспорасының этнографиялық мәдениетін зерттеу, сақ қоғамындағы элеуметтік стратификация, элитарлы қорғандар мәселесі, үйсін мәдениетінің таралуының ареалы, этнографиялық дінтану, халықтың дәстүрлі дүниетанымы.

Қазақстандағы тарих ғылымына зор үлес қосқан А. Төлеубаевтың Қазақстанда тағы да бір «сақ алтын адамын» табуы Қазақстан және шетел ғалымдарының жоғарғы бағасын алды. Бұл ғылыми ашылымға мемлекеттің президенті Н.Ә. Назарбаев та жоғары баға берді.

Алтай мен Атыраудың аралығын алып жатқан қазақтың кең даласынан табылып жатқан «алтын адамдар» мен «көне қалалардың» орындары, өткен дәуірлеріміздің сыры мен шынын айдай етіп ашуда.

Осыншама мол, археологиялық бай мұраларды қолға ұстай отырып, бүгінде қазақ даласы тұнып тұрған тарих, «отырықшы өркениет» пен «көшпенділер өркенниетін» қатар алып жүрген недеген бай мәдениетті жасаған халықпыз деп айтуымызға болады.

Қараша айының соңында Әбдеш ағамыздың 60 жылдық мерейтойы қарсаңында (осы жерде айта кететіуіміз керек бұл кешке археолог-ғалым ағамыз Мадияр Елеуұлы Елеуовте шақырылған болатын) Қазақтың Ғылымы мен Білімінің қара шаңырағы Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінде «Ұлттық тарихты зерттеудің өзекті мәселелері» атты студенттермен кездесу кешінде «Алтын адамды» зерттеу барысындағы қызықтары мен қыйыншылықтары жөнінде кеңінен әгімелеп берген болатын.

«Есік» қорғанынан табылған алғашқы жәдігерден кейін қазақ жерінен үш алтын адам табылды. Солардың ішіндегі ең ерекшесі – үшінші «Алтын адам». Ол Шығыс Қазақстанның Зайсан ауданы Шілікті ауылынан табылған болатын. Тарих ғылымының докторы, профессор Әбдеш Ташкенұлы «Алтын адамның» түр-тұлғасы мен киген киімін, сондай-ақ әшекей бұйымдарын жан-жақты зерделей келе б.д.д. VIII ғасырда өмір сүрген сақт патшасы болған дейді. «Алтын адамның» маңдайында бес жұлдыз бар. Бұл адамның күдіреттілігін көрсетеді. Осыдан келіп біз ол патша болған деген шешімге келдік», – дейді Әбдеш Төлеубаев.

Қазіргі таңда қазақ халқының түп негізі сақтарда жатыр деген пікірдің жан-жақты

дәлелденгендігін тарих ғылымдарының докторы Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев Шіліктіден табылған жәдігерлермен байланыстыра айтып отыр. Шілікті - Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданының аумағында орналасқан. Ұзындығы – 80 ені – 30 шақырым, оңтүстігінде Тарбағатай, шығысында Сауыр-Сайқан, солтүстігінде Маңырақ таулары қоршап жатыр. Бұл жазықтың - жазы салқын, қысы қарсыз және жылы болып келеді, сондықтан тайпалар қола дәуірінен бері қоныстанып келген. Ал, осы жердің “Шілікті” аталуы: “ мұнда шілік өскендіктен, осы атауы қалыптасқан болуы керек” деп тұжырымдайды жергілікті халық. Шілікті даласында көне сақ мәдениеттің өркендеген кезі б.з.д. I-мыңжылдыққа сай келеді. Шіліктіде 200-ден астам сақ дәуірі ескерткіштерінің бар, соның 50-ге жуығы ақсүйектер мен патшалардың зираты. Шілікті даласындағы обалар кезінде орыстарды да бей-жай қалдырмағанын көреміз. Мысалы: алғаш 1909-1910 жж. Шіліктінің шығысында орналасқан Шаған обасын Семейлік гидротехник Г.Н. Бокій қазды, ал одан кейін 1949 - 1962 жж. аралығында орыс ғалымы профессор С.С.Черников қазба жүргізіп, 13-тей обаны қазып зерттеді. Қазіргі уақытта Черниковтың тапқан алтын бұйымдары Эрмитаждың төрінде тұр. 1965 ж. «Алтын адамның құпиялары» атты еңбегін шығарды.

2003 жылдан бастап профессор Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев зерттеп келеді, ол жерден үшінші алтын адамды тапты. Тынымсыз археологиялық зерттеудің нәтижесінде екі үлкен және бірнеше шағын обаларда қазба жұмыстарын жүргізген. «Бәйгетөбе» деп аталатын үлкен обадан «Алтын адамның» тамаша жәдігерлері табылды. Бірақ, обалардың барлығы тоналған. Диаметрі 100 метр, ұзындығы 8 метр топырақ пен тастан үйілген оба, ішіндегі қабірхана батыс жағына қарай 10 метр ойыстырып салынған. Археологтар ақылдаса отырып, жоспар құрдық, мақсатымыз «Алтын адамның» үстінен түсу болатын. Қазба кезінде обаның тонауға түскенін көрдік. Орыс патшасы I Петрдің тұсында қазақ даласындағы сақ обаларын тонау белсенді түрде жүзеге асқан, табылған құнды заттар мемлекетке тапсырылып отырған. Археологтар обаның өте ірі көлемді болуына қарап, жерленген адамның қоғамда өте жоғары мәртебеге ие болған - “Ел басқарған патша жерленген” деп болжам жасап отыр. Себебі, обаның тоналғанына қарамастан, өте бағалы заттар «Алтын адамның» киімінің алтын әшекейлерінің ұзын саны 4432 –ні құрап отыр. Жалпы қабірхананың іші үй секілді бір-бірімен қиыластырып салған. Қабірхананы самырсын ағашпен жапқан. Ағаш осы уақытқа дейін өз формасын сақтап тұр. Обаларда ішкі микроклиматы бір қалыпты температурада сақталғандығын, сақтар адамдарды жерлегенде міндетті түрде арнайы дәрілермен мумификация жасаған. Ол адам денесінің жақсы сақталуы үшін жасалатын болған. Шіліктіде қазылған обалардың барлығындағы адамдарға мумификация жасалған. Шіліктіден табылған алтын заттарды түгел металлографиялық зерттеуден өткіздік. Қ. И.Сатпаев атындағы Қазақтың Ұлттық Политехникалық университетінің геология лабораториясында 200-ге тарта алтын әшекейге сараптама жасалды. Ондағы лабораторияның сараптамасы бойынша 930-970 сынамасын көрсетіп отыр. Бұл Қазақ жерінен табылған алтындардың ішіндегі ең жоғарғы сынаманы құрайтынын атап өтті.

Атап айтар бір жайт, осыған дейін сақ обаларының ішінен табылған алтын әшекей бұйымдар негізінен жұқа қаңылтыр немесе фольга түрінде кездесетін. Ал құйма алтыннан жасалған өте бай әшекейлер осы патша обасынан ғана табылған.

Зерттеу жұмыстары барысында түр-тұлғасы мен киген киімі қалпына келтірілген Сақ патшасының сызба нұсқасы және макеті де әзір.

Бұл «Алтын адам» сақ патшасы. Өзіне дейінгі Есіктен табылған «Алтын адамнан» екі жарым үш ғасыр бұрын, ал Аралтөбе «Алтын адамынан» мың жыл бұрын өмір сүрген. Оның үстіне мұның алтынмен безендірілген киімдері екендігі белгілі болды. Яғни ритуалдық киімі емес.

Сақтар өз билеушілері қайтыс болған кезде басына үлкен қорған салған. Сақтар заманында бұл арнайы мемлекеттік ұйғарым дәрежесіне дейін барған. Өйткені биік обалар тек патшаларға ғана тұрғызылған. Сақтар билеушілері қайтыс болған кезде олардың қоғамдағы орнына сай биік оба салу ғұрпын заңдастырып, өздерінің арасында әртүрлі әлеуметтік топтарға қандай биіктіктегі оба салуды қоғамда заңмен бекіткен болулары керек.

Әбдеш Төлеубаевтың пікірінше: «көптеген зерттеушілер сақтарды, скифтерді үнді-ирандық тілде сөйлейді дейді. Шындығында оларда үнді-ирандық мәдениетпен қатар, түркі мәдениеті де болған және ол басым түсіп отырған. Түркі дәуірі бастаулары сақ мәдениетімен астасып түркілік текке ие».

Шіліктідегі он жеті обаның ең үлкені және оқшау тұрғаны осы. Бұл обадан үлкен етіліп басқасы

салынбаған. Одан кейінгілер біртіндеп кішірейе береді. Бұлар да сол кездегі батырлар мен ру басшыларының тағы да басқа қоғамдағы беделді адамдардың моласы екендігі сөзсіз. Ғылымнан белгілі тірі кезінде алтын бұйымдар тек патшалардың ғана киіміне жапсырылған.

Ертедегі сақтар өздерінің тектілігін аңдар бейнесінде көрсетуге тырысқан. Мұндағы алтын бұйымдардың бәрі сол символмен жасалған. Көне сақтардың кейбір тайпалары адамды жердің астына емес, үстіне жерлейтіні де ғылымнан белгілі. Ғалымның ойынша: «кейінгі зоороастрлық діндегі адамды жер бетіне жерлеу идеясы осы сақтардың ғұрпынан алынуы мүмкін, ол адам денесі шіріп, қасиетті жерді ластамасын деген ұғымнан туған» - дейді.

Әбдеш Тәшкенұлы «Шіліктіге және одан табылған «Алтын адамға»» байланысты үлкен бір монографиялық зерттеу еңбекті аяқтап қалғандығын айтты. Сол монографиялық зерттеуіме Черниковтың тапқан түрлі-түсті суреттерін қосу үшін Эрмитаждың ғылыми қызметкері Петровский деген ғалымға хат жазғандығын, олар сол суреттерді беру үшін өте қымбат ақша сұрап отырғанын айтты. Бұл да бір қазақ тарихына және ғылымына жасалған қиянат деп ойлаймын. Кезінде еліміздегі мұраларымызды тонап әкеткенімен қоймай, ата-бабаларымыздың мұрасын өзімізге сатқалы отыр.

Еліміздегі көне тарихи ескерткіштерді зерттеп-зерделеудің маңызы зор. Осы бағытта тәуелсіз елдің археолог ғалымдарының еңбегін ерекше атап өтуіміз керек. Себебі Егемендік алған 22 жыл ішінде қазақ жерінен 3 алтын (жалпы саны 4) адам табылып отыр. Ал ортағасырлық қалалар саны 1000-нан асып кетеді. Археологиялық ескерткіштер қазақ тарихының өзекті мәселелерін айқындауға, сондай-ақ, ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі халқымыздың тыныс-тіршілігін, тұрмысын, мәдениетін, байлығын, өскелең өркениетін және мәдени мұраларымен танысуға кең жол ашады.

Дүниежүзі халықтары әрқашанда жер бетіндегі теңдесі жоқ тарихи мұраларға қашанда қызығушылықпен, құлшыныспен қарайды. Жаһан жұртшылығының қайсысы туристік сапарға шыға қалса, міндетті түрде тарихи бай өлкелерді тамашаламай кетпейді. Мысалыға: Египеттің пирамидаларын, Ұлы Қытай қорғанын, Өзбекстандағы Регистон қалашығын, Ақсақ Темір мавзолейін көру әрбір сұлулыққа жаны құмар адамның арманы болар.

Міне Қазақ жерінде де көптеген археологиялық қазбалар табылып жатыр. Көне қалалардың орны халқымыздың бай тарихынан сыр шерткендей. Осы еліміздің теңдесі жоқ тарихи байлықтарымыз да шет ел туристерін қызықтырып отырған жәйі бар, ендеше бүгінде көптеген туристердің таңдана отырып аралайтын мекеніне айналған.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Төлеубаев А.Т. Характеристика золотых изделий из II Чиликтинского могильника // Материалы 2-ой Международной Гумбольдтовской конференции. А. 2004. – с. 161-164.
- 2 Төлеубаев Ә.Т. Сақ қауымындағы қоғамдық құрылыс және мемлекеттік мәселесі // Мемлекеттік және ұлы дала. Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. Астана. 2006. 214-217 бб.
- 3 Төлеубаев Ә.Т. Үшінші алтын адам // Егеменді Қазақстан. 2003. 1 қараша.

Гений казахстанской исторической науки Резюме

Статья посвящается ученому археологу-этнографу, профессору Төлеубаеву Абдешу Ташкеновичу.

Genius of Kazakhstan historical science Summary

The article is dedicated to the scientific to ethnographer, professor Toleubayev Abdesh Tashkenovich.